

БЕКІТЕМІН

Колледж директоры,

филология ғылымдарының

кандидаты

Н.Ахат

28 тамыз, 2025 жыл



**Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық
колледжінің 2025-2026 оқу жылына арналған**

КЕШЕНДІ БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ

Көкшетау қаласы
2025 жыл

БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ:

1. 2025-2025 оқу жылының кешенді білім бағдарламасының орындалуы бойынша SWOT-талдау	5
1.1 2024-2025 оқу жылының мақсаттық индикаторлар нәтижесі	6
1.2 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстардың талдамасы	9
1.3 Жүйелілік менеджмент бойынша сапа саласындағы мақсаттарды орындау дәрежесіне SWOT-талдау	11
1.4 ЖОО-ның грантына ие болған 2024-2025 оқу жылының түлектері туралы мәлімет	18
1.5 «Табысты түлек» орталығының статистикасы: гранттар және жұмысқа орналасқандар	19
2. 2025-2026 оқу жылына қойылатын мақсаттық индикаторлар	20
3. Колледж кеңестері	22
3.1 Қамқоршылық кеңесі	22
3.2 Индустриялық кеңес	23
3.3 Педагогикалық кеңес	24
3.4 Ғылыми-әдіснамалық және инновациялық кеңесі	26
4. Білім стандарты мен оқу бағдарламаларын сапалы іске асыру	27
4.1 Кәсіби білім беру бойынша директордың оқу жұмысы бойынша орынбасарының жұмыс жоспары	27
4.2 Оқу бөлімі меңгерушісінің жұмыс жоспары	39
4.3 Колледж әдіскерлерінің жұмыс жоспары	45
4.4 Бөлім меңгерушілерінің жұмыс жоспары	51
5. Педагогикалық практика, кәсіби бағдар беру және әлеуметтік серіктестіктермен жұмыс	60
5.1 Колледждегі өндірістік оқыту және кәсіптік практиканы ұйымдастыру	60
5.2 Кәсібилендіру бағыты бойынша әдіскердің жұмыс жоспары	68
5.3 «Табысты түлек» орталығының жұмыс жоспары	70
5.4 Кәсіптік бағдар бойынша атқарылатын жұмыстар	72

6. Колледждегі ғылыми-әдістемелік және инновациялық жұмыстарды ұйымдастыру	74
6.1 Колледждің ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары	75
6.2 Колледж әдіскерінің жұмыс жоспары	85
6.3 Кафедра жетекшілерінің жұмыс жоспарлары	90
6.4 Абай атындағы электронды-ресурстық кітапхана қызметі	155
7. Білім алушыларға арналған рухани-өнегелілік, саяси-әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру	161
7.1 Студент-жастардың әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастыру, рухани-адамгершілік, интеллектуалдық даму бағыттары бойынша жұмыс жоспары	161
7.2 Жастар комитетінің жұмыс жоспары	189
7.3 Колледждің психологиялық қолдау қызметінің жұмыс жоспары	193
7.4 Әлеуметтік педагогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспары	200
7.5 Үйірмелер, спорт секциялары, клубтардың жұмыс жоспары (колледж және бөлім ішінде жүргізілетін жұмыстар бойынша)	206
7.6 Білім алушыларға әскери-патриоттық тәрбие бағыты бойынша жұмыс жоспары	208
7.7 №1 студенттер үйі білім алушыларын әлеуметтендіру бойынша тәрбиешілердің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары	212
7.8 №2 студенттер үйі білім алушыларын әлеуметтендіру бойынша тәрбиешілердің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары	216
7.9 Студенттер үйі кеңесінің жұмыс жоспарлары	219
7.10.1 Колледждің медициналық қызметкерінің жұмыс жоспары	223
8. «Білім» бейіні бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің жоспары	226
9. Колледждегі білім беру жүйесін цифрландыру жоспары	233
10. ISO 9001:2015/ҚР СТ ISO 9001:2016 стандарттары бойынша колледждегі жүйелілік менеджменті	236
10.1 Колледжді басқару құрылымы	


10.2 Әкімшілік құрамы мүшелерінің қызметтік нұсқаулықтары	237
11. 2026 жылы колледжді бітірушілер туралы статистикалық мәлімет (жоба)	252

Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК

КОЛЛЕДЖДІ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



Қазақстан Республикасының
Білім және Ғылым Министрі
Н.Ахат



1.1 2024-2025 оқу жылының мақсаттық индикаторлар нәтижесі:

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы рөлінің артуына, жалпыұлттық бірліктің үлгісін ілгерілетуге елеулі үлес қосқаны үшін «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» мерекелік медалімен колледж директоры Ахат Нұртас Ахатұлы марапатталды.
2. Илияс Данагүл Нұртайқызы Республикалық «Үздік педагог» байқауының **жеңімпазы** атанды.
3. Жоламанова Тойындық Молдағалиқызы Республикалық «Үздік педагог» байқауының **жеңімпазы** атанды.
4. Илияс Данагүл Нұртайқызы Республикалық «Білім беру ұйымы басшысының үздік орынбасары» конкурсының **I орын жеңімпазы**.
5. Жоламанова Тойындық Молдағалиқызы Республикалық «Білім беру ұйымы басшысының үздік орынбасары» конкурсының **II орын жеңімпазы**.
6. Садвакасов Айбек Серікұлы Спорт саласы бойынша Республикалық «Кәсіби шеберлік» байқауының **II орын жеңімпазы**.
7. Хамзин Елебек Советұлы облыстық «Үздік педагог» байқауының **жеңімпазы**.
8. Кравченко Анастасия Петровна облыстық «Жылдың жас мұғалімі» байқауының **жеңімпазы**.
9. Қалиев Қуаныш Ахметұлы облыстық «Үздік алғашқы әскери дайындық педагогі» байқауының **II орын жүлдегері**.
10. Рахым Арайлым Қайыргелдіқызы облыстық «Үздік педагогикалық эссе» конкурсының **I орын жүлдегері**.
11. ТЖКББ ұйымдарының арнайы пәндер оқытушылары арасында «Кәсіби шеберлік – 2025» облыстық байқауының қорытындысы бойынша жаратылыстану пәнінің оқытушысы Жанар Саршақызы жүлделі **II орынды** иеленді.
12. Секенова Балкүміс Байжанқызы, Әміржанова Гүлмира Қайыржанқызы облыстық іс-тәжірибе тарату байқауына қатысып, **жүлделі II орын** алды.
13. Мұқышева Нұргүл Серікқызы аймақтық «Педагогикалық идеялар панорамасы» конкурсына қатысып, **жүлделі II орын** алды.
14. Колледж оқытушылары С.Әмірова, А.Кравченко «Бала тілін дамыту әдістемесі» оқулығы ҚР Оқу-ағарту министрлігі Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы қортындысы бойынша оқулық статусын және ОАМ грифін алу кезеңіне өтті.
15. Ә.Шайрахметованың «Хор және хорды басқару» оқу құралы, М.Жабағинованың «Орыс тілі мен әдебиеті пәндері» оқу-әдістемелік кешені Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесі жанындағы Сараптама кеңесінің жаңа талаптарына сай рәсімделді.

16. Жағұпар Даниял «Жас ғалым – 2025» халықаралық оқушылардың ғылыми жобалар байқауының **Бас жүлдесін** жеңіп алды.
17. Хумар Гүлфаруза «Үздік жас ғалым – 2025» халықаралық конкурсының **II орын** иегері атанды.
18. Уайс Нұргүл Республикалық «Ілияс оқулары» байқауының **Бас жүлде иегері**.
19. Ержанова Мадина, Сабыр Алмат, Әділбек Аида, Болат Аяжан ағылшын тілінен V Республикалық пәндік олимпиадасының **I орын** жеңімпаздары атанды.
20. Идаят Зарина «USTAZ TILEGI» Республикалық орталығы бастауыш мектеп бөлімі студенттері арасындағы олимпиада **I орынды** жеңіп алды.
21. Өмірхан Қарлығаш Республикалық Абайтану олимпиадасында **I орын** иегері атанды.
22. Силам Айдана Республикалық «Мақатаев оқулары» байқауының **I орын** иегері атанды.
23. **77 студент** №514 бұйрығы тізіліміндегі Республикалық Ілияс оқулары конкурсында **I орынға** ие болды.
24. **69 студент** Ақберен танымдық-шығармашылық орталығы Республикалық «Ілияс оқулары» конкурсында **I, II орындарды** жеңіп алды.
25. Назимова Сәуле, Жаксылықова Дильназ, Мұхтар Амина, Октябрь Еркегүл Музыкалық колледж орындаушыларының Республикалық байқауында **I орынды** жеңіп алды.
26. «Ақмола облысының топонимикасы, жаңарған атаулар» ІТ жобасы бойынша облыстық байқауында Төлеген Нұрсұлтан **Бас жүлдені** жеңіп алды.
27. Жағұпар Даниал «Жалынды Ақмола жастары» атты облыстық жастар форумында ғылыми жобалар байқауына қатысып, **Бас жүлде** алды.
28. Суйрибаева Назерке «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры!» облыстық интеллектуалдық сайысына қатысып, жүлделі **I орын** алды.
29. Ақай Аружан «QAZAQ LINGVO» атты жастар арасындағы облыстық байқауының **I орын** жеңімпазы атанды.
30. Ақмола облысы Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында өткен сап және ән байқауында «АЙБЫН» әскери-патриоттық клубы **жүлделі I орынды** иеленді.
31. Ақмола облысы Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында өткен сап және ән байқауында «ТОМИРИС» рухани-патриоттық клубы жүлделі **I орынды** иеленді.
32. Педагогикалық отрядтардың арасында өткізілген Республикалық Слетінде «I SHYAQ» педагогикалық жасағы жүлделі **I орынды** иеленді.
33. Қалалық «Сұңқар» спартакиадасы бойынша «Барыс» баскетбол командасы қатысып, ұлдар командасы **жүлделі III**

орынды жеңіп алды.

34. «Кезең», «Сұңқар» спартакиадалары бойынша ұлдар «Рахат» волейбол командасы **жүлделі І орынды** иеленді.

35. «Кезең», «Сұңқар» спартакиадалары бойынша қыздар «Рахат» волейбол командасы **жүлделі І орынды** иеленді.

36. Ақмола облысы «Жастар-ресурстық орталығы» МҚМ ұйымдастыруымен өңірдегі жоғары және орта арнаулы оқу орындарының жастар ісі жөніндегі комитеттері арасында «KDM-LIFE» атты онлайн байқау өтті. Аталмыш іс-шараға «Jas Orda» жастар ісі жөніндегі комитеті қатысып, жеңімпаз атанды.

37. Көкшетау қаласы Жастар ресурстық орталығының ұйымдастырумен Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары және жоғары оқу орындарының Жастар ісі жөніндегі комитеттері арасында өткен «Үздік жастар комитеті» байқауында Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің «Jas Orda» жастар ісі жөніндегі комитеті **Бас жүлдеге** ие болып, бағалы сыйлықпен марапатталды.

38. Республикалық «Бұрымды қыз» байқауының іріктеу кезеңіне «Музыка» бөлімінің ІІ курс студенті Бижақсынова Ұлжан қатысып, Республикалық кезеңіне жолдама жеңіп алды.

39. «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» республикалық байқауына «Дене мәдениеті» бөлімінің ІІІ курс студенті Қабдөш Ербатыр қатысып, жеңімпаз атанды.

40. Студенттердің ғылыми-шығармашылық әлеуетін қалыптастыру мақсатында «Абай сөзі – әділдік темірқазығы» атты республикалық зияткерлік ойында Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің «Рухты ұрпақ» командасы **жүлделі ІІІ орын** иеленді.

41. «Мерген ару – 2024» пневматикалық мылтықпен нысана көздеу Республикалық турнирінің облыстық іріктеу кезеңіне «Томирис» рухани-патриоттық клубы қатысып, **жүлделі ІІ орынды** иеленді.

42. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, Көкшетау қаласының Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Тәуелсіздік – тұғырым» атты интеллектуалдық ойынына «Рухты ұрпақ» командасы қатысып, **жүлделі ІІІ орын** иеленді.

43. Ақмола облысының орта-арнаулы оқу орындары студенттерінің арасында өткізілген «Үш Би» облыстық пікір-сайыс турниріне «Парасат» дебат клубының мүшелері Кенжитай Томирис пен Рыспаева Жансая қатысып, **жүлделі ІІІ орынға** ие болды.

44. Бекмағанбетов Ислам Республикалық «Абай оқулары» **І орын** иегері атанды.

1.2 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстардың талдамасы


2024-2025 оқу жылында Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде 7 мамандық, 14 біліктілік бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары педагог кадрларын даярлау мақсатында жүзеге асырылды. Оқу жылының қорытындысы бойынша студенттердің білім сапасы 86%, үлгерім көрсеткіші 99% құрады. Бөлімдер бойынша қорытынды:

2024-2025 оқу жылының колледждегі мамандықтар бойынша бөлімдердің білім сапасы

Бөлім	Студенттер саны		Оқудан шыққан студенттер	Келмеген студенттер	Үздіктер	Екпінділер	Босатқан сағаттар саны		Үлгерім көрсеткіші	Білім сапасы (II семестр 2024-2025 о.ж.)
	01.09.2024	26.06.2025					себепті	себепсіз		
Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	145	141	4	0	6	115	1264	289	98%	86%
Логопедия	43	39	3	0	12	26	432	102	100%	97%
Бастауыш мектеп	151	149	3	1	22	109	1880	964	98%	88%
Музыка	59	54	4	0	8	33	173	136	100%	76%
Дене мәдениеті	179	170	9	0	4	142	2933	1462	99%	86%
Филология	174	169	7	2	14	124	916	676	99%	82%
Ағылшын	208	204	4	0	25	166	1728	385	100%	94%
Информатика	174	163	13	2	6	125	980	359	100%	80%
	1133	1089	47	5	97	840	10306	4373	99%	88%

Бөлімдердегі білім сапасының пайыздық көрсеткіші

2025 жылы колледжді күндізгі оқыту түрінде 314 студент аяқтады, олардың 71 студент үздік диплом иегерлері. Колледж бітірушілерінің білім сапасы: қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша 88%, үлгерімі 100%.



1.3 Жүйелілік менеджмент бойынша сапа саласындағы мақсаттарды орындау дәрежесіне SWOT-ТАЛДАУ

1.3.1 «Теориялық оқыту жүйесінің сапасы және – студенттердің білім бағдарламаларын игеру мониторингісі» процесі

КҮШТІ ЖАҒЫ	ӘЛСІЗ ЖАҒЫ
– Мемлекеттік тапсырыс негізінде студенттерді қабылдау жоспарын 100% орындауы; – білім беру бағдарламаларының мазмұны студенттің сапалы кәсіби білім алуына бейімделіп жасақталуы; – колледждегі кәсіби педагогикалық білімді қадағалаудан сапаны қамтамасыз ету принципі жүзеге асырыла бастауы; – оқу дәрісханаларының қазіргі талаптарға сай үлгідегі АКТ құралдарымен жабдықталуы; – ISO 9001:2015/ҚР СТ-ISO 9001-2016 халықаралық стандарты талаптарына сай колледждің барлық салалық қызметінің сәйкестендірілуі; – «Үздік» дипломның % үлесінің жоғарылауы; – қолданбалы бакалавриат топтарының көбеюі; – әлеуметтік серіктестіктермен бірлескен семинар, шебер сабақтардың сапалы ұйымдастырылуы; – түлектердің өз салаларында жоғары жетістікке жетуі және мансаптық өсуінің артуы	– Студенттер контингентін 1 курстан 4 курса дейін сақтау төмендігі; – I курс студенттерінің базалық білімінің төмен деңгейінің тәуекелі (мемлекеттік тапсырыс бойыншы); – «Үздік» диплом алған түлектердің жоғары оқу орнының грант иегері ретінде білімдерін дәлелдей алмауы; – топ жетекшілер тарапынан білім алушылар контингентін сақтау мақсатында іс-шаралардың тиісті деңгейде жүргізілуі (I курс студенттерінің мамандыққа бейімделу кезеңінде); – бөлім меңгерушілері тарапынан оқу процесін (оқытушының сабақты уақытында бастауы, студенттің сабаққа қатысуы, студенттің талапқа сай іскерлік киім үлгісінде киінуі және т.б) тиісті деңгейде қадағаланбауы
МҮМКІНДІКТЕР	ҚАУІПТЕР
– Кәсіби білім беруде оқытушылардың цифрлық құзіреттілігінің жоғары деңгейде болуы; – Білім беру бағдарламаларын академиялық еркіндікті ескере отырып әзірленуі колледж ұжымының ғылыми	– 01140200 «Музыкалық білім беру», 01140200 «Дене тәрбиесі және спорт» мамандықтарына түсетін студенттердің білім сауаттылығының төмендігі; – мектепке дейінгі, дене мәдениеті және музыка

потенциалын көтеруге әсер етуі; – Оқу дәрісханаларының мазмұндық-техникалық жабдықталуы болашақ педагог маманның кәсіби құзіреттілігін арттыруға ықпалы; – Республикада алғашқы болып инклюзиялық білім кеңістігінде 01130100 «Логопедия» мамандығы жобасының сәтті жүзеге асырылуы	бөлімдерінде студенттердің ғылыми жұмыстарға қатысу көрсеткішінің төмендігі; – білім сапасындағы әлсіздіктер себептерін анықтауда – коолледжішілік бақылаудың әлсіздігі; талапкерлерді қабылдауда педагогикалық мамандықтар үшін «College SmartNation» ақпараттық жүйесі бағдарламасының тиімсіздігі;
---	--

3.1.2 «Студенттермен тәрбие және әлеуметтік жұмыс» процесі

КҮШТІ ЖАҒЫ	ӘЛСІЗ ЖАҒЫ
– Колледжде дарынды жастардың әлеуетін арттыруға бағытталған жобалар мен шығармашылық байқаулардың жүйелі түрде өткізілуі; – Студенттердің тұлғалық дамуын қолдауда менторлық және тәлімгерлік бағдарламалардың тиімді жүзеге асырылуы; – Әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық белсенділікті арттыру мақсатында қоғамдық бастамалар мен әлеуметтік жобаларға студенттердің белсенді қатысуы; – Оқу орнының мәдени-білім беру кеңістігінде ұлттық құндылықтарды насихаттайтын іс-шаралар мен кездесулердің тұрақты түрде ұйымдастырылуы; – Колледждің тәрбие жұмысын жүзеге асыруда ата-аналар қауымдастығы, түлектер кеңесі және қамқоршылық кеңесімен тығыз ынтымақтастықтың орнауы.	– Колледж ішіндегі ішкі тәртіп ережелерінің сақталуына бақылаудың жеткіліксіздігі; – Кейбір оқытушылар тарапынан студенттермен қарым-қатынаста педагогикалық этика нормаларының бұзылуы; – Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруда жүйеліліктің болмауы; – Әлеуметтік желілерде студенттердің жауапкершілігін арттыру бағытындағы жұмыстардың әлсіздігі.

МҮМКІНДІКТЕР	ҚАУІПТЕР
– Колледж бен жергілікті қоғамдастық арасындағы байланысты күшейтіп, студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыруға жағдай жасау; – Жастардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытатын жобаларға қатысуын ынталандыру; – Білім алушылардың ұлттық құндылықтарды құрметтеуге бағытталған іс-шараларға белсене қатысуын қамтамасыз ету; – Ата-аналардың тәрбиелік үрдістерге саналы түрде араласуын қамтамасыз етіп, олардың педагогикалық мәдениетін арттыру; – Студенттердің экологиялық, құқықтық және медиасауаттылық бағытындағы бастамаларын қолдап, заманауи тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.	– Қазақстандық жастардың кейбір бөлігінде әлеуметтік, психологиялық тұрақсыздықтың байқалуы және кері мінез-құлыққа бейімділіктің артуы; – Студенттердің экстремизм, кибербуллинг, онлайн-алаяқтық сынды қауіптерге қарсы тұру қабілетінің жеткіліксіздігі; – Жастардың рухани-адамгершілік және патриоттық құндылықтарды қабылдау деңгейінің әлсіреуі, ұлттық бірегейлікке немқұрайлылықтың артуы;

1.3.3 «Педагогикалық практика және кәсіби бағдар беру» процесі

КҮШТІ ЖАҒЫ	ӘЛСІЗ ЖАҒЫ
– 8 мамандық, 14 біліктілік бойынша бітірген түлектер еңбек нарығында сұранысқа ие. Колледж түлектері жыл сайын мектептерге қажетті педагогтер қатарын толтыруда. Мамандық бойынша жұмысқа орналасқан түлектердің санының артуы; – Колледж түлектерінің кәсіби біліктілігінің жоғары болуы, өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуы,	– Осы күнге дейін тиісті нормативтік-құқықтық актілердің қолданысқа енгізілмеуі. Мәселен, «Педагогикалық практика» туралы ереженің бекітілмеуі; – Кейбір мамандықтарға (мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, музыкалық білім беру мамандықтарына) талапкерлердің аз келуі; – Жеке меншік колледждерге мемлекеттік

мектептерде тұрғылықты жұмыс жасауы, кәсібінің хас шеберіне айналуы; – Кәсіптік практика кезінде студенттердің өз мамандықтары бойынша құзыреттіліктерінің жоғары болуы әлеуметтік серітестіктермен ынтымақтастықты нығайтуға септігін тигізуі; – Оқу жыл көлемінде үздіксіз ауыл, қала мектептеріне кәсіби бағдар жұмыстарының сапалы жүргізілуі; – Колледж ұжымы облыстық, қалалық, аудандық білім бөлімдерімен тығыз қарым-қатынаста болуы; – Жүйелілік менеджменті стандарттарына сай 8 мамандық, 14 біліктілік бойынша 9-сынып негізінде де, 11-сынып негізінде де мемлекеттік тапсырыстың орындалуы; – Оқу-өндірістік практиканың тыныс-тіршілігінің әлеуметтік желілерде уақытымен жариялануы; – Колледж студенттерінің кәсіби өсуінің қарқынына қарай жазғы сауықтыру лагерьлеріне сұраныстың артуы; – Кәсіби байқауларға қатысуда жеңімпаздардың санының артуы.	тапсырыстардың бөлінуінен бәсекелестіктің көп болуы; – «College Smart Nation» электрондық жүйе арқылы талапкерлерді қабылдау қиындығы.
МҮМКІНДІКТЕР	ҚАУІПТЕР
– Келешек мектептерінің ашылуы түлектердің мамандық бойынша жұмысқа орналасуына мол мүмкіндік беруі; – Лагерьлерде жазғы практикадан өтуге байланысты студент-тәлімгерлерге сұраныстың көп түсуі болашақ педагог маманның кәсіби дамуына ықпал етуі; – Еңбек нарығына қажетті кәсіби мамандардың (логопед) даярлануы; – Сапалы педагог мамандарды даярлауда «Педагог» стандарт талаптарының орындалуы;	– Жас мамандардың тәжірибелі ұстаздармен қатар жалпы конкурсқа түсіп, жұмысқа орналаса алмауы; – Қолданбалы бакалавр мамандарының статусының анықталмауы; – Ақмола облысы бойынша жалпы орта білім беретін мектеп түлектеріне кәсіби бағдар берудің жолдарын жетілдіруде мектептің аз көңіл бөлуі.

– Әлеуметтік серіктестіктермен тығыз байланыстың маман дайындауға негіз болуы; – Еңбек нарығына заманауи білікті әрі SKILLS кеңістігіндегі жаңа жас мамандар шығарылуы; – WorldSkills стандарттарын енгізуде колледжде жаңа мүмкіндіктердің жобасын бекітіп, аймақтық, ұлттық чемпионаттарда жүлделі орындар алып, алдыңғы қатарға шығудың іс-шараларын жасалуы; – Кәсіби бағдар жұмысы арқылы мамандықтың ерекшелігін игеріп, өз еркімен таңдау жасауы.	
---	--

3.1.4 «Кәсіби білімдегі инновациялық-технологиялық және әдістемелік жұмыс. Оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі, халықаралық ынтымақтастықты дамыту» процесі

КҮШТІ ЖАҒЫ	ӘЛСІЗ ЖАҒЫ
– Педагогтермен қазіргі білім беру процесін өзгертуге және жетілдіруге ықпал етуі, кәсіби дамуды тереңдете отырып, тәжірибе мен теорияны байланыстыруы. Сонымен қатар, мамандықтардың мазмұнына негізделген жаңашыл әдістер мен технологияларды анықтауға мүмкіндік береді. – Педагогикалық ұжым ішінде ынтымақтастықты, идеялар алмасуды және кәсіби диалогты күшейтуі. Кәсіби конкурстарға «командалық тұтастық» принципін басшылыққа алып қатысуы; – Біліктілікті арттыру курстарынан тегін өтуге, кәсіби даму алаңдарының цифрлық қолжетімділігі, ғылыми ізденіс жұмыстарымен айналысуға, шығармашылықпен іс-тәжірибесін насихаттауға колледж тарапынан моральдық-материалдық қолдау үнемі жүргізілуі;	– Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы № 83 бұйрығы жаңартылуына байланысты мерзімінен бұрын педагогтердің аттестаттаудан өту мүмкіндіктері күрделенеді. Аталған фактор колледж педагогтерінің сапалық құрам деңгейінің жоғарыламауына негіз болады.

– Жеке кәсіби шеберлікті шыңдау, білім сапасын арттыру мен білім беру мазмұнын жаңартудағы педагогтердің қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларда, олимпиадаларда, түрлі конкурстар мен сайыстарда жүлделі орындарға ие болуы; – Жоғары оқу орындарымен, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясы (одан әрі ҚПҒА) мен Ұлттық құндылықтар Академиясымен (одан әрі ҰҚА) ынтымақтастығы; -Педагогтер мен студенттердің зерттеу дағдыларын дамытып, жаңа идеялар мен инновациялық жобаларды жүзеге асыруы. Бұл процесс студенттер мен педагогтер арасындағы ынтымақтастықты, тәжірибе алмасуды ұлғайта отырып, педагогикалық және ғылыми ортада өзара диалог құруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, қоғам мен еңбек нарығы үшін бәсекеге қабілетті, жаңашыл педагог тұлғалар қалыптасады.	
МҮМКІНДІКТЕР	ҚАУШТЕР
– Студенттер мен педагогтердің ғылыми-зерттеушілік, әдістемелік инновацияларды енгізуге, халықаралық деңгейдегі конкурс пен конференцияларға қатысу арқылы кәсіби шеберліктерін арттыруға зор мүмкіндіктер бар. Сонымен қатар, ғылыми жобалар мен грант алу, кәсіби байланыстар орнату арқылы кәсібилігі мен имиджін көтеруі, ғылым мен білім саласында деңгейлік-лидерлік позициясының қалыптасуы; – Колледж педагогтерінің Техникалық және кәсіптік, орта	– «Альфа ұрпақ», «әйнекке тәуелді ұрпақ», «скринейджерлерді» педагогикалық ортаға бейімдеудегі кейбір колледж педагогтерінде икемді құзыреттілік дағдысының болмауы.

білімнен кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесі жанындағы «Сараптама кеңесінің» жаңа талаптарына сай авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етуі; – Ғылыми кеңістікті дамытудың ашық платформалары мен мәліметтер базаларының педагогтің жаңа технологиялар мен идеяларының дамуына көмектесуі.	
--	--

3.1.5 «Білім» бейіні Республикалық оқу-әдістемелік бірлестік жұмысы» процесі

КҮШТІ ЖАҒЫ	ӘЛСІЗ ЖАҒЫ
– Республикалық оқу-әдістемелік бірлестік (одан әрі РОӘБ) ретінде 01130100 «Логопедия» мамандығы бойынша желілік колледждерге әдістемелік қолдаулардың, кеңестердің ұйымдастырылуы, республика көлемінде насихатталуы; – «ТАЛАР» КеАҚ «ТЖКБ ББ тізілімі» ақпарттық жүйесіне Білім беру бағдарламаларын енгізуде республикада оқытылатын 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы мен біліктілігі бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуде республикалық сарапшылар тобындағы сарапшыларға әдістемелік қолдау көрсетілуі; – Ынтымақтастық меморандумдар аясында республика көлемінде мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы сабақтастығының сапалы жүзеге асырылуы; – РОӘБ жұмыс барысының мазмұны әлеуметтік желілерде насихатталуы	– 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту», 01130100 «Логопедия» мамандықтары мен біліктілігі бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуде берілген әдістемелік нұсқаулықтар мен кеңестерді республика колледждері жүйелі қолданбауы.

МҮМКІНДІКТЕР	ҚАУІПТЕР
– Оқу-ағарту министрінің 24.02.2025.2 ж. №31 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарына сәйкес оқу жұмыс жоспарлары (ОЖЖ) мен білім беру бағдарламаларын (БББ) тиісті құқықтық нормативтік актілерге сай сапалы даярлау және үнемі жетілдіріп отыруы.	– 01130100 «Логопедия» мамандығы бойынша «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК тарапынан тест базасының жасалынбауы

ЖОО-ның грантына ие болған 2024-2025 оқу жылының түлектері туралы МӘЛІМЕТ

№	Колледжде алған мамандығы	Таңдаған мамандықтары	Грантқа ие болған түлектерсаны
1	01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	1
2	01130100 Логопедия (логопедия қолданбалы бакалавры)	6B01906 Арнайы педагогика СП(ДО)-24к	—
3	01140100 «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі»	6B013 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	1
4	01140200 «Музыкалық білім беру»	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау: Музыкалық білім	2
5	01140500 «Дене тәрбиесі және спорт»	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау: Дене тәрбиесі және спорт	2
6	01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі)	6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау: Қазақ тілі мен әдебиеті	2

7	01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (шетел тілі мұғалімі)	6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау: Шетел тілі: екі шетел тілі	15
8	01140700 «Информатика»	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау: Информатика	5
Барлығы			28

1.5 «Табысты түлек» орталығының статистикасы: гранттар және жұмысқа орналасқандар

Р/с	Мамандық атауы	Бітірген түлектер саны	ЖОО-на оқуға түскен түлектер саны	Жұмысқа орналасқан түлектер саны	Пайыздық көрсеткіші
1	01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	60	1	26	45%
2	01130100 «Логопедия»	17	—	6	35,2%
3	01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі»	42	1	5	14,2%
4	01140200 «Музыкалық білім беру»	13	2	1	23%
5	01140500 «Дене тәрбиесі және спорт»	37	2	3	13,5%
6	01140600 «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»	104	17	10	25,9%
7	01140700 «Информатика»	41	5	6	14,6%
БАРЛЫҒЫ:		314	28	57	27%

2. 2025-2026 оқу жылына қойылатын мақсаттық индикаторлар

Педагогикалық ұжымның 2025-2026 оқу жылына арналған ғылыми-педагогикалық тақырыбы:

1. «Кәсіптік білім беруде қазақстандық және әлемдік білім жүйесінің конвергенциясы: сана, тәжірибе, нәтиже»

Колледж ұжымының алдына қойылатын негізгі міндеттер:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында педагогикалық ұжымның кәсіби-педагогикалық қызметін жетілдіру;
2. Колледждің 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасын жүзеге асыру;
3. Білім беру бағдарламасының халықаралық кәсіби және салалық стандарттарға сәйкестігін басшылыққа алу;
4. Педагогикалық колледждердегі мамандықтардың үздік білім беру бағдарламаларын анықтап «Ұлттық портфель» банкісіне енгізу;
5. Колледж студенттерінің академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысудың жолдарын қарастыру;
6. Халықаралық аккредиттеуден өту мақсатында арнайы жоспар жасап, жүзеге асыру
7. Аралық емтихандарды өткізу форматын жаңарту, оқыту нәтижелері бойынша тест базасын толықтыру;
8. Тәрбие жұмыстары, студенттерді әлеуметтендіру, шығармашылық бағыттардағы жаңа жобаларды іске асыру.
9. Айқындалған базалық және кәсіптік модульдер пәндері бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешендер мен бейнесабақтары банкін толықтыру;
10. Ағылшын және информатика мамандықтары бойынша стартап жобаларын әзірлеу;
11. Педагог кадрларды аттестаттаудың жаңа ережесіне сай оқытушылардың біліктілік деңгейін көтеру жұмыстарын жалғастыру;
12. WorldSkills стандарттарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының қорытынды аттестаттауын демонстрациялық емтихан форматында өткізу мақсатында бағалау критерийлерін жетілдіру;
13. Ынтымақтастық меморандумдары негізінде республикалық, халықаралық қарым-қатынастарды оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық бағытта жетілдіру;
14. «Жасампаз оқырман» жобасын жүзеге асыру;

15. Ақмола облысындағы білім беру жүйесінің индикаторлық көрсеткішінің деңгейін жоғары көтеруге атсалысу;
16. Студенттерді әлеуметтендіруде барлық бағыттағы тәрбие жұмыстарының бүгінгі заман талабына сай формаларын іске асыру, Біртұтас тәрбие бағдарламасымен кіріктірілген «Жансаулық» тұжырымдамасын дайындау және жүзеге асыру;
17. Колледждің қаржылық-шаруашылық саясатын оқу орнының барлық құрылымын талапқа сай жетілдіруге бағыттау, жанбасына шаққандағы қаржыландыру саясатын іске асыруды жетілдіру;
18. Стратегиялық ойлау, басқару күзіреттілігін жетілдіру, колледжді дамытуда корпоративтік мәдениет тұрғысынан жетілдіру;
19. Цифрлық білімнің технологияларын меңгеруді ұжым арасында іске асыру;
20. Кәсіби білім беру жүйесінде педагогтер мен студенттердің ғылыми-зерттеу құзыреттілігін дамыту және арттыру;
21. Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің жұмысын насихаттау, тарату мақсатында YouTube каналының мазмұнын жетілдіру;
22. Академиялық адалдық, академиялық дербестік, академиялық ұтқырлық шеңберінде студентке бағытталған білім ортасын құру;
23. Колледж студенттерінің толық студенттер үйімен қамтамасыз етілуіне орай оқу, білім, интеллектуалдық даму бағытында жаңа инициативалар банкін жасап, оны іске асыру;
24. Бөлім меңгерушілерінің «Педагог» кәсіптік стандартын сапалы іске асыруда оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын сапалы орындау, кешенді бағдарламадағы іс-шараларды іске асыруда өз функционалдық міндеттерін сапалы жетілдіру жолдарын нақтылау;
25. ҚР білім саласындағы барлық заңдар мен НҚА аясында еңбекті ұйымдастыру, ғылыми-практикалық бағытын жетілдіру;
26. Дене мәдениеті, музыка, логопедия мамандықтарын оқытудағы кәсіби шеберлігін, методологиялық бағытын жетілдіру, барлық кәсіби пәндер бойынша мамандардың педагогикалық шеберлігін қамтамасыз етуде жұмыс атқару;
27. Әкелер кеңесі, Аналар кеңесі жұмысын толыққанды жоғары деңгейге көтеру;
28. Студенттердің республикалық ғылыми-практикалық конференциясын өткізу;
29. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Ұлттық Құндылықтар Академиясымен бірлесе жоба жасау;
30. Оқулық, оқу-әдістемелік кешендерді жазу жобасын іске асыру;
31. PhD, магистр бойынша колледждегі ғылыми ізденіс жұмысының жұмыс тобын құру;
32. 2025-2026 оқу жылының құжаттамасын ISO 9001:2015/ҚР СТ ISO 9001-2016 халықаралық стандарты талаптарына сәйкес жүргізу;

33. Білім бағдарламаларын әзірлеуде әлеуметтік серіктестіктер сұранысы бойынша кәсіптік модульдер пәндерін айқындау, индустриялық кеңесте бекіту;
34. Педагогикалық мамандықтар бойынша студенттер арасында олимпиадалар, пәндік конкурстарға, жобаларға қатысу;
35. Педагог-шебер, педагог-зерттеуші оқытушылардың жеке шығармашылық жоспарын бекітіп, ғылыми-әдістемелік жұмыстары бойынша есеп беру;

3. Колледж кеңестері

3.1 Қамқоршылық кеңесі

Р/с	Кеңес тақырыптары	Өткізілу формасы	Уақыты	Жауапты
1	1. Білім және ғылым саласындағы жаңа жобалар, бағдарламалар мәселесі 2. Колледждің цифрлық білім беру саласында материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері.	Қамқоршылық кеңес пен колледж ұжымының жалпы жиналысы	20 қараша	Н.Ахат Колледж әкімшілігі, ІТ мамандары
2	2025 жылдың қорытынды конференциясы: 1. 2025 ж. шаруашылық-қаржы есебі 2. КББ-ның орындалуы бойынша төрт блоктың орындалу есебі 3. Колледждің 2026-2027 оқу жылына даярлық жұмыстары 4. Жыл қорытындысы бойынша марапаттаулар.	Қамқоршылық кеңес конференциясы	20 желтоқсан	Н.Ахат Д.Ілияс А.Рахым Т.Жоламанова Б.Батанасова А.Смайлова Б.Батырбаев Д.Әшірбекова
3	Колледждің оқу-тәрбие бағытында «Жансаулық» тұжырымдамасын іске асыру мәселелері.	Қамқоршылық кеңес, колледж әкімшілігінің мәжілісі	18 сәуір	Н.Ахат А.Рахым

3.2 Индустриялық кеңес

№ р/с	Жұмыс мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	1. Кәсіптік стандарттарға негізделген және ТжКБ ұйымдарының академиялық еркіндігін ескере отырып жайлы мектептер, балабақша, қосымша білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты нығайтуда әдістемелік жобалар.	Қаңтар 2026 жыл	Д.Ілияс Индустриялық кеңес мүшелері
2	2026-2027 оқу жылына арналған білім бағдарламаларының мазмұнының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігін талқылау.	Сәуір 2026 жыл	Д.Ілияс Индустриялық кеңес мүшелері

3.3 Педагогикалық кеңес

Кеңестің реті	Кеңесте қаралатын мәселелер	Жауаптылар	Өтетін уақыты
№ 1 педагогикалық кеңес	1. Қабылдау комиссиясының мемлекеттік тапсырысты орындау бойынша атқарылған жұмыс нәтижелерінің есебі; 2. 2025-2026 оқу жылына арналған колледждің кешенді білім бағдарламасын талқылау, бекіту. 3. Колледж оқытушыларының рейтингісі бойынша үздік оқытушыларды марапаттау	С.Шарипова Орынбасарлар Әкімшілік құрамы	29 тамыз 2025 жыл
№ 2 педагогикалық кеңес	1. Кәсіби білім сапасын көтеруде біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуы. 2. Студенттерге психологиялық сүйемелдеу қызметін көрсету мүмкіндіктері. 3. Ағымдағы аттестаттау қорытындысының мониторингі және жетілдіру жолдары	А.Рахым Педагог-психологтар Д.Ілияс Оқу бөлімі	14 қараша 2026 жыл
№ 3 педагогикалық кеңес	1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мазмұнын жаңа сапаға көтерудің нәтижелері (І жартыжылдық бойынша). 2. «Табысты түлек» жобасын жүзеге асыру жұмыстары	Д.Ілияс А.Рахым Т.Жоламанова Б.Батанасова А.Смаилова Әдіскерлер	9 қаңтар 2026 жыл

№ 4 Педагогика лық кеңес	1. Студенттерді аттестаттау нәтижелері бойынша бөлім меңгерушілерінің есебі. 2. Колледждің оқу-тәрбие бағытында «Толық адам» жәнн «Жансаулық» тұжырымдамалары аясында атқарылған жұмыстар.	Бөлім Меңгерушілері А.Рахым	15 сәуір, 2026 жыл
№ 5 педагогикал ықкеңес	1. 2026-2027 оқу жылында кешенді білім бағдарламасының орындалуы туралы. 2. Оқытушылардың ғылыми-әдістемелік жұмысын бағалау нәтижелерін шығару. 3. «Білім» бейіні бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестік жұмысының есебі.	Орынбасарлар Б.Батанасова А.Смаилова	26 маусым, 2026 жыл

3.4 Ғылыми-әдіснамалық және инновациялық кеңесі

№ р/с	Жұмыс мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	1. «Ұстаз» цифрлы платформасының мүмкіндіктері және колледж педагогтерінің аттестация құжаттарын автоматтандыру; 2. Курстық, дипломдық жұмыстардың, педагогикалық жобалардың тақырыптарын талқылау, ғылыми жетекшілерін бекіту; 3. Жас мамандарға педагогикалық-психологиялық қызмет көрсету мәселелері.	24.10.2025	Б.Батанасова А.Сабырова Кафедра жетекшілері Колледж психологі
2	1. І жартыжылдықта атқарылған ғылыми-әдістемелік жұмыстардың есебі; 2. Оқу-әдістемелік материалдардың, авторлық бағдарламалардың жаңашылдық дәрежесіне, білім берудегі практикалық маңыздылығына жасалған колледжішілік сараптама нәтижесі; 3. Кітапхана қызметінің цифрлық мүмкіндіктері бойынша кітапханашылар есебі.	23.01.2026	Б.Батанасова А.Сабырова Д.Толқынбекова
3	1. Дипломдық жұмыстарды жазу талаптарының орындалуы, алдын ала қорғау жұмыстарының есебі; 2. Элективті курс жетекшілерінің жұмыс нәтижелері	17.03.2026	Б.Батанасова А.Сабырова Элективті курс жетекшілері
4	1. Колледж оқытушыларының ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысу мониторингі; 2. «Жас мамандар» мектебі жобасының демонстрациялық көрмесі	26.05.2026	Б.Батанасова А.Сабырова Жас мамандар

4. БІЛІМ СТАНДАРТЫ МЕН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

4.1 Кәсіби білім беру бойынша директордың оқу жұмысы бойынша орынбасарының жұмыс жоспары

Мақсаты: Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында жасалған колледждің 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасын басшылыққа алу. Білім алушыларға кәсіби білім беруде оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік жұмыспен – сабақтастырып, білім беру стандартына сәйкес тиімді ұйымдастыру.

Міндеттері:

- білім беру бағдарламаларының сапалы орындалуын қамтамасыз ету;
- оқу процесінде құжаттамаларды мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес жүргізу;
- ғылыми-әдістемелік және әлнуметтік серіктестіктермен жұмыстарды сапалы ұйымдастыру;
- оқытушылардың оқу-тәрбие және ғылыми-әдістемелік жұмыстарға белсенділігін арттыру
- студентке бағытталған оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру;

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Индикаторлар/ Соңғы нәтиже	Жауапты
Ұйымдастыру жұмыстары				
1	Жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен (өзгеріспен толықтырулар енгізілген), Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беруге байланысты жаңадан шыққан нормативтік-құқықтық құжаттармен, ҚР «Білім туралы» Заңына енгізілген өзгерістерге орай жаңа нормативтік құжаттармен жұмыс істеу, жүзеге асыру	Жыл бойы	Бөлім меңгерушілермен отырыс. Нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс	Әкімшілік, Колледж ұжымы
2	«Педагог» кәсіптік стандартына негізделген және ТЖКБ ұйымдарының академиялық еркіндігін ескере отырып әзірленген ТЖКБ мамандықтары мен	Жыл бойы	Білім беру бағдарламалары	Әкімшілік, колледж ұжымы

	біліктіліктеріне арналған білім бағдарламаларын жүзеге асыру			
3	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымға сәйкес әзірленіп, тізілімге енгізілген жаңартылған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету	Жыл бойы	Білім беру бағдарламалары	Әкімшілік, колледж ұжымы
4	Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы негізінде оқу процесін ұйымдастыру	Жыл бойы	Оқу процесінің кестесін дайындау	Әкімшілік, колледж ұжымы
5	ТЖКБ ұйымдарының академиялық еркіндігін ескере отырып әзірленген білім бағдарламалары негізінде қабылданатын І курс топтарының оқу-жұмыс жоспарларын, жұмыс-оқу бағдарламаларын құру	Тамыз	Оқу-жұмыс жоспарлары, жұмыс-оқу бағдарламалары	Оқу бөлімі, бөлім меңгерушілер
6	Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы Қ.Р Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы №31 бұйрығына сәйкес 2025-2026 оқу жылына арналған жаңа білім бағдарламаларын жаңартып әзірлеу, реестрге енгізуге ұсыну.	Сәуір	Білім беру бағдарламалары	Оқу бөлімі, бөлім меңгерушілер
7	Еуропалық кредиттік технология қағидаттарын ескере отырып, кредиттік оқыту технологиясын жетілдіру	Жыл бойы	Білім беру бағдарламалары	Әкімшілік, колледж ұжымы
8	«Толық адам» тұжырымдамасын білім беру бағдарламаларына енгізу, оқытушылардың ҚМЖ –на бағдарламаға сәйкес жұмыстардың енуін қадағалау.	Жыл бойы	Білім беру бағдарламалары. Қысқа мерзімді жоспарлар	Әкімшілік, Кафедра оқытушылары

9	Қазақстан Республикасының, Ақмола облысының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде колледждің көшбасшылық орнын одан әрі сақтау	Жыл бойы		Орынбасарлар, Әкімшілік
10	ISO 9001:2015/ҚР СТ ISO 9001-2016 халықаралық стандарты талаптарына сәйкес жаңа 2025-2026 оқу жылының құжаттамасын рәсімдеу.	Тамыз-қыркүйек	Құжаттар мен жұмыс	Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары процесс иегерлері
11	Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы негізінде аралық, қорытынды аттестаттау емтихандарын ұйымдастыру	Емтихан кестелеріне сәйкес	Емтихан кестесі	Оқу бөлімі оқу бөлімінің меңгерушісі, Әдіскер
12	Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №130 бұйрығына сәйкес міндетті құжаттардың жүргізілуін қадағалау	Жыл бойы	Құжаттар мен жұмыс	Оқу бөлімі, әкімшілік, оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскер
13	Оқу-тәрбие процесінің кестесін құру, бекіту	23-28 тамыз	Оқу-тәрбие процесінің кестесі	Директордың оқу жұмысы және практика бойынша

				орынбасарлары
14	2025-2026 оқу жылына оқытушылардың педагогикалық жүктемесін анықтау, тарификациялық кеңес отырысында талқылау, бекіту. Хаттамасын жасау, комиссиясын құру, бекіту.	26-31 тамыз	Тарификациялық кеңес	Тарификациялық кеңес
15	Оқу пәндерінің/модульдердің жұмыс-оқу бағдарламаларын бекіту	1-10 қыркүйек	Жұмыс-оқу бағдарламалары	Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары, оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскер
16	Аралық емтихандарды дайындау және өткізу, курстық жобалау жұмыстарын ұйымдастыру	мамыр маусым	Аралық аттестаттау графигі	Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары, оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскер, бөлім меңгерушілері
17	Кәсіптік білім беруде оқытудың кредиттік-модульдік білім беруге сәйкес мамандықтар бойынша оқу пәндері мен кәсіптік модульдердің жұмыс бағдарламаларын әзірлеу бойынша жұмысты ұйымдастыру	қыркүйек қараша		Орынбасарлар, Оқу бөлімінің меңгерушісі, Колледж әдіскері, Бөлім меңгерушілері
18	Оқу құжаттарын толтыру «College Smart Nation» электрондық жүйедегі теориялық оқытуды есепке	қыркүйек	Анализ жасау	Директордың оқу жұмысы бойынша

	алу журналдары, сынақ кітапшалары, студенттік билеттер)			орынбасары, оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскер, бөлім меңгерушілері
19	«College Smart Nation» электрондық жүйесінде студенттердің әлеуметтік базасын толтыру	қыркүйек	Әдістемелік көмек	Офис-тіркеуші Бөлім меңгерушілері, Топ жетекшілері
20	Колледжге жаңадан қабылданған оқытушыларды, қызметкерлерді жүйелілік менеджмент талаптарымен таныстыру, талаптарын түсіндіру, орындау әдістерін іске асыру	қыркүйек	Әдістемелік көмек	Орынбасарлар, оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскер, бөлім меңгерушілері
Білім беру бағдарламасын жетілдіруде атқарылатын жұмыстар				
1	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының академиялық адалдық талаптарының сақталуын қамтамасыз ету	Жыл бойы	Сауалнама	Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары, оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскер, бөлім меңгерушілері
2	"TALAP" КеАҚ "ТЖКБ ББ тізілімі" ақпарттық жүйесіне Білім беру бағдарламаларын енгізуде 2025-2026 оқу жылында колледжде оқытылатын мамандықтар мен біліктіліктер бойынша жаңартылған білім бағдарламаларын талқылау, бекіту	Маусым 23-28 тамыз	Оқу жұмыс жоспарларын бекітуге ұсыну	Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары, оқу бөлімінің меңгерушісі,

				әдіскер, бөлім меңгерушілері
3	Мамандықтар бойынша білім сапасын арттыру мақсатында «Білім сапасын қадағалаудан оны қамтамасыз ету» тұжырымдамасын жүзеге асыру.	Қазан	Өзара сабаққа қатысу	Орынбасарлар, Оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскерлер, бөлім меңгерушілері
4	Колледж педагогтерінің сабақтарына Lesson Study жобаларын енгізу	Жыл бойы	Өзара сабаққа қатысу	Орынбасарлар, Оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскерлер, бөлім меңгерушілері
5	01140500 «Дене тәрбиесі және спорт» 01140200 «Музыкалық білім беру» мамандықтары бойынша оқу процесінің сапалық деңгейін көтеру	Жыл бойы	Білім сапасын жетілдіру	Оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскерлер, бөлім меңгерушілері
6	Білім беру бағдарламадарына, элективті курс жоспарларына «Толық адам» «Жансаулық»тұжырымдамасын енгізу	Жыл бойы	Әдістемелік көмек	Оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскерлер, бөлім меңгерушілері
7	Қолданбалы бакалавриат жүйесіндегі оқу процесін жетілдірудің жаңа әдіс-тәсілдерін жасау		Әдістемелік көмек	Оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскерлер, бөлім

				менгерушілері
8	01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 01140100 «Кіші сыныптарда оқыту» құзіреттіліктері бойынша WorldSkills аймақтық, ұлттық чемпионаттарына студенттерді даярлау, «WorldSkills аймақтық, ұлттық чемпионатында Жеңіске жету» Жобасын жүзеге асыру.	Жыл бойы	Педагогикалық кеңесте есеп беру	Оқу бөлімінің менгерушісі, әдіскерлер бөлім менгерушілері
9	Колледж педагогтерінің сабақтарына мультимедиалық, цифрлық технологияларды, онлайн платформаларды енгізу	Жыл бойы	Статистикалық есеп	Оқу бөлімінің менгерушісі, әдіскер, бөлім менгерушілері, пән оқытушылары
10	Педагогика, психология пәндерінен білім сапасын арттыру мақсатында бөлімдер бойынша сынама тест алу жұмыстарын жүргізу	Қараша, ақпан	Статистикалық есеп	Оқу бөлімінің менгерушісі, әдіскер, бөлім менгерушілері, пән оқытушылары
11	Колледждегі педагог-шебер, педагог-сарапшы оқытушылардың видеосабақтарының каталогын жасау, үздіктерін әлеуметтік желісі селу, озат тәжірибесін насихаттар жұмыстарын ұйымдастыру	Ақпан	Әлеуметтік желіге жүктеу	Орынбасарлар, әдіскерлер, бөлім менгерушілер, кафедра жетекшілері
12	Бітіретін топтарда курстық жұмыстардың, дипломдық жұмыстардың сапалы орындалуын қадағалау	Қазан, сәуір	Әдістемелік көмек	Әдіскерлер, бөлім менгерушілері

13	Оқытушылардың оқу-жұмыс бағдарламаларының, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің жаңартылған стандартына, техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігін тексеру, талқылау, бекіту (4-курстар топтары)	1-15 қыркүйек	Құжаттар мен жұмыс	Директордың оқу жұмысы, ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасарлары, оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскер, бөлім меңгерушілері кафедра жетекшілері
14	«Talar» КЕАҚ-ның ТЖКББ ұйымдары арасындағы ранжирлеуге, Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінің жылдық рейтингісіне қатысу, қажетті материалын жинақтау, уақытында жіберу	Қараша, мамыр	Материалдар ұсыну	Орынбасарлар, оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскер
Дәрісханалар жұмысын ұйымдастыру бойынша атқарылатын жұмыстар				
1	Оқу процесінде колледждің материалдық-техникалық негізін толық пайдалануды жүзеге асыру мақсатында дәрісхана жұмыстарын сапалы ұйымдастыру, дәрісхана портфолиосын толықтыру, паспорттарын жаңарту	Жыл бойы	Материалдар ұсыну	Орынбасарлар Оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскер, Бөлім меңгерушілері Кафедра жетекшілері.

2	Дәрісханалардың оқу-әдістемелік жұмыстарын қадағалау мақсатында дәрісхана меңгерушілерінің есептерін тыңдау	2 айда 1 рет	Дәрісхана дидактикасын ұсыну	Әкімшілік Дәрісхана меңгерушілері
3	Дәрісханалардың жұмысын сапалы ұйымдастыруда «Ақылды аудитория» принципін үздіксіз жүзеге асыру (109, 302 дәрісхана)	Жыл бойы	Материалдар ұсыну	Орынбасарлар Оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскер, Бөлім меңгерушілері
4	Пән оқытушылары тарапынан дәрісханалардың мазмұнын, дидактикасын түрлендіру. Сабақ барысында Абай атындағы ресурстық кітапхана материалдарын қолдану. Алаш кемеңгерлерінің нақыл сөздерін насихаттау.	Жыл бойы	Оқу-әдістемелік дидактика жұмыс жасауын қадағалау	Орынбасарлар Оқу бөлімінің меңгерушісі, Әдіскер, Бөлім меңгерушілері Кафедра жетекшілері Пән оқытушылары
5	Колледж оқытушыларының оқу-әдістемелік кешенін, видеосабактарды әр дәрісхананың компьютерлеріне енгізу	Қыркүйек-қазан	АКТ-мен жұмыс	Оқу бөлімі, кафедра жетекшілері, пән оқытушылары
6	Оқу процесінде колледждің материалдық-техникалық негізін толық пайдалануды жүзеге асыру; жұмыстарын сапалы ұйымдастыру, дәрісхана портфолиосын толықтыру, паспорттарын жаңарту	Қыркүйек-қазан	Дәрісхана портфолиосын жаңарту	Оқу бөлімі Дәрісхана меңгерушілері

7	Барлық дәрісханалардың кредиттік-модульдік, модульдік-күзiреттiлiк тәсiл негiзiндегi оқу бағдарламаларына сай мазмұнын жаңарту, оқу-әдiстемелiк құжаттарын толықтыру, заманауи мақсатта жабдықтау	Қыркүйек-қазан	Оқу-әдiстемелiк құжат тармен жұмыс	Директордың оқу жұмысы орынбасары, оқу бөлiмiнiң меңгерушiсi, әдiскер Бөлiм меңгерушiлерi Дәрiсхана меңгерушiлерi
8	2026-2027 жаңа оқу жылына дәрiсханаларды дайындау мәселелерiн қаңтар айынан бастап жүзеге асыру	Қаңтар, мамыр	Дәрiсхана меңгерушiлерiнiң есебi	Әкiмшiлiк Дәрiсхана меңгерушiлерi
9	Дәрiсханалар байқауын өткiзу, ол үшiн мониторинг критерийлерiн анықтау	Қаңтар	Әдiстемелiк құжаттарын ұсыну	Әкiмшiлiк Дәрiсхана меңгерушiлерi

Колледжішілік бақылау (аудит) жұмыстары

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің жаңартылған стандарты мен мемлекеттік аттестаттау стандарттарын жүзеге асырудың сапасын арттыру мақсатында колледжішілік бақылау жұмыстарын жүргізу:

P/c	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Талқылау орыны	Қорытынды құжат	Жауапты
1	ISO 9001:2015/ҚР СТ ISO 9001-2016 халықаралық стандарты талаптарына сәйкес колледждің құжат айналымын ішкі аудиттен өткізу	Қазан	қараша педагогикалық кеңесі	Хаттама	Д.Ілияс, процесс игерлері, колледж ұжымы
2	Оқу процесін электрондық мониторингілеу жүйесі арқылы қадағалау (СМУП) және тікелей сабаққа қатысу	Қазан, ақпан, сәуір	Оқу бөлімінің жиналысы	Хаттама, қатысу парақтары	Д.Ілияс, бөлім меңгерушілері
3	Студенттердің оқу процесіне қанағаттану мониторингісін жүргізу, сауалнама жүргізу	Желтоқсан	Қаңтар Педагогикалық кеңесі	Хаттама, сауалнама нәтижесі	Д.Ілияс, процесс игерлері, колледж ұжымы
4	Дәрісханаларда ақпараттық-техникалық құралдарды қолдану мониторингі жүргізу, АКТ олданду журналының жүргізілуін қадағалау	Желтоқсан	Оқу бөлімінің жиналысы	Хаттама, сауалнама нәтижесі	Д.Ілияс, процесс игерлері, колледж ұжымы
5	College Smart Nation бағдарламасында теориялық оқытуды есепке алу журналдарын тексеру, талапқа сай жүргізілуін қадағалау	Қазан, қаңтар, мамыр айларында қорытындысын шығару	Оқу бөлімінің жиналысы	Хаттама	Оқу бөлімінің меңгерушісі Бөлім меңгерушілері, аудиторлар

6	1-курс студенттерінің білімін тексеру мақсатында қазақ тілі, математика пәндерінен диктант, бақылау алу,	15-25 қазан	Оқу бөлімінің жиналысы	Жұмыстар, анализдері	Оқу бөлімі
7	Студенттердің лекция, практика дәптерлерін тексеру (қазақ, орыс, ағылшын тілдері, математика, химия)	Желтоқсан, наурыз, мамыр	Оқу бөлімінің жиналысы	Жұмыстар, анализдері	Оқу бөлімі
8	4-курс топтарында педагогика, психология пәндерінен тест алу (директорлық бақылау)	1-10 сәуір	Сәуір педкеңесі	Хаттама	Оқу бөлімі
9	Бірінші курстың ата-аналар жиналысына қатысу	Қыркүйек қазан желтоқсан мамыр	Ата-аналар жиналысы	Хаттамалар	Д.Ілияс Оқу бөлімінің меңгерушісі, Бөлім меңгерушілері, Кураторлар
